Әділет

# Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына ең төмен резервтік талаптар және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 30 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 сәуірде № 38279 тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Ең төмен резервтік талаптар және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап:

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын, Тізбенің 2-тармағының он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші және алпыс тоғызыншы абзацтарын, Тізбенің 3-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он алтыншы, он жетінші және он сегізінші абзацтарын қоспағанда;

2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының он төртінші, он бесінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, қолданысқа енгізіледі.

Мына:

2026 жылғы 1 шілдеге дейін:

Тізбенің 3-тармағының сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5-1) Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;";

Тізбеге 10-қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін ;

2026 жылғы 12 шілдеге дейін:

Тізбенің 2-тармағының қырық бірінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Ұйым "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес ұйым міндеттемелерінің үшінші санатына енгізілген облигациялар туралы хабарламаны (бұдан әрі – Ұйымның хабарламасы) жібереді, ол осындай облигациялар шығарылымының осы тармақта көрсетілген шарттарға сәйкестігін растайды.";

Тізбенің 2-тармағының алпыс бесінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындау мәртебесі ұйым Қағидалардың 19-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген қалыптастыру кезеңінің соңғы жұмыс күні үшін есепті ұсынғаннан кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.";

Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларына 9-қосымша "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 3-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.";

Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларына 9-қосымша "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 15-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"15. 2-кестенің 2.1-жолында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесінде осы мәміленің бірегей сәйкестендіргіші ретінде қызмет ететін мәміленің референсі (коды) көрсетіледі.".

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы* *Т. Сулейменов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2026 жылғы 31 наурыздағы
№ 30 қаулысымен
бекітілді

**Ең төмен резервтік талаптар және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19012 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. 2026 жылғы 14 сәуір – 2026 жылғы 31 тамыз (қоса алғанда) аралығында резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде банктерге:

1) банктің ұлттық валютадағы бірінші және екінші санаттағы міндеттемелері үшін 5 (бес) пайыз;

2) банктің ұлттық валютадағы үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 3,5 (үш бүтін оннан бес) пайыз;

3) бірінші топтағы банктің шетел валютасындағы бірінші және екінші санаттағы міндеттемелері үшін 12 (он екі) пайыз;

4) екінші топтағы банктің шетел валютасындағы бірінші және екінші санаттағы міндеттемелері үшін 15 (он бес) пайыз;

5) банктің шетел валютасындағы үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 10 (он) пайыз мөлшерінде ең төмен резервтік талаптардың нормативтері белгіленсін.

Осы қаулының мақсаттары үшін бірінші топтағы банктерге 2025 жылдың қорытындысы бойынша мынадай активтер үшін кемінде 20 (жиырма) пайыз жиынтық өсімді қамтамасыз еткен банктер жатады:

кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер (кәсіпкерлік мақсаттарға кредит алған Қазақстан Республикасының резидент – қаржылық емес ұйымдары, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер);

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің корпоративтік бағалы қағаздары (" Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамы, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және олардың еншілес ұйымдары, " Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы);

қаржы ұйымдарына жатпайтын Қазақстан Республикасының өзге де резидент-эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген активтері болмаған банктер, сондай-ақ бірінші топтағы банктерге жатқызылмаған банктер екінші топтағы банктерге жатады.

2025 жылы микроқаржы ұйымынан банкке айырбастау нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған банк үшін 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша микроқаржы ұйымының тиісті активтерінің көлеміне сүйене отырып, 2025 жылғы активтердің жиынтық өсімін есептеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі пайдаланылған көрсеткіштер мен есептеулер нәтижесін көрсете отырып, тиісті топқа жатқызу туралы банкті хабардар етеді.";

мынадай мазмұндағы 1-3 және 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-3. Депозиттерді қабылдауға, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операцияларына рұқсаты бар ұйымдарға, Ұлттық пошта операторына (бұдан әрі – ұйым ):

1) ұйымның ұлттық валютадағы бірінші және екінші санаттағы міндеттемелері үшін 5 (бес) пайыз;

2) ұйымның ұлттық валютадағы үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 3,5 (үш бүтін оннан бес) пайыз;

3) ұйымның шетел валютасындағы бірінші және екінші санаттағы міндеттемелері үшін 15 (он бес) пайыз;

4) ұйымның шетел валютасындағы үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 10 (он) пайыз мөлшерінде ең төмен резервтік талаптардың нормативтері белгіленсін.

Егер осы қаулының 1-4-тармағында өзгеше белгіленбесе, осы тармақта белгіленген нормативтер Ұлттық пошта операторына қолданылады.

1-4. Егер ең төмен резервтік талаптарды айқындау кезеңінің аяқталған күні Ұлттық пошта операторының акциялары пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болса, Ұлттық пошта операторына:

1) Ұлттық пошта операторының ұлттық валютадағы бірінші, екінші және үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 3,5 (үш бүтін оннан бес) пайыз;

2) Ұлттық пошта операторының шетел валютасындағы бірінші, екінші және үшінші санаттағы міндеттемелері үшін 10 (он) пайыз мөлшерінде ең төмен резервтік талаптардың нормативтері белгіленсін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Соттың қайта құрылымдауды жүргізу туралы заңды күшіне енген шешімі бар банктерге және ұйымдарға соттың қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін ең төмен резервтік талаптардың нормативтері банктің және ұйымдардың барлық міндеттемелері үшін 0 (нөл) пайыз мөлшерінде белгіленсін.";

2. "Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (бұдан әрі – банк), сондай-ақ Ұлттық пошта операторының және депозиттерді қабылдауға, жеке және ( немесе) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстан Ұлттық Банкінің операцияларына рұқсаты бар басқа ұйымдардың (бұдан әрі – ұйым) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымы, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен

резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.

2. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ең төмен резервтік талаптар – резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде банк немесе ұйым резервтік активтерде ұстап тұратын қаражаттың міндетті көлемі;

2) ең төмен резервтік талаптарды айқындау кезеңі (бұдан әрі – айқындау кезеңі) – банктің немесе ұйымның ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелері мен ең төмен резервтік талаптардың мөлшері есептелетін уақыт кезеңі;

3) ең төмен резервтік талаптардың нормативі – банктің немесе ұйымның ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелеріне қолданатын пайызбен берілген коэффициент;

4) кезеңдер кестесі – ағымдағы жылдың бірінші айының оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жарияланатын ағымдағы күнтізбелік жылға банктер мен ұйымдар үшін айқындау кезеңдері мен қалыптастыру кезеңдерінің кестесі;

5) резервтік активтер – банктің немесе ұйымның ұлттық валютадағы ең төмен резервтік талаптарды орындауы үшін пайдаланылатын қаражаты;

6) резервтік активтерді қалыптастыру кезеңі (бұдан әрі – қалыптастыру кезеңі) – банк немесе ұйым ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін резервтік активтерді ұстап тұратын уақыт кезеңі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Банктің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымы және банктің ең төмен резервтік талаптарды есептеу тәртібі";

7-3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк Қағидалардың 3-1-қосымшасына сәйкес банктің міндеттемелерінің үшінші санатына енгізілген облигациялар туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді, ол арқылы осындай облигациялар шығарылымының осы тармақта көрсетілген шарттарға сәйкестігін растайды. Хабарлама "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" цифрлық жүйесі арқылы жіберіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ең төмен резервтік талаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылатын мынадай күнделікті және ай сайынғы есептер:

1) "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 88 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37562 болып

тіркелген) бекітілген екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – №88 қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп;

2) №88 қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп негізінде есептеледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Банктің ең төмен резервтік талаптарды орындау, резервтеу және банктің ең төмен резервтік талаптарды орындауын бақылау тәртібі";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін банк қалыптастыру кезеңінде қаражатты ұлттық валютада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотта және қолма-қол ақша түрінде банк кассасында резервтейді.

Банктің резервтік активтері Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есеп негізінде айқындалады және қалыптастыру кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі банктің корреспонденттік шотындағы ұлттық валютамен орташа мәнінің қалдықтары;

2) тиісті айқындау кезеңіндегі ең төмен резервтік талаптардың 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын көлемде банктің кассасындағы ұлттық валютамен қолма-қол ақшаның орташа мәнінің сомалары ретінде есептеледі.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ең төмен резервтік талаптарды орындау мәртебесі банк Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қалыптастыру кезеңінің соңғы жұмыс күні үшін есепті ұсынғаннан кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" цифрлық жүйесінде қалыптастырылады.

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген банк ұсынған есептердің негізінде қалыптастыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі жетінші жұмыс күні Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ең төмен резервтік талаптардың орындалуы туралы ақпаратты қалыптастыру арқылы банк ең төмен резервтік талаптардың орындалуын бақылайды.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тараулармен толықтырылсын:

"4-тарау. Ұйымның ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымы және ұйымның ең төмен резервтік талаптарды есептеу тәртібі

18. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің құрылымы ұйымның ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы мынадай міндеттемелерінен тұрады:

міндеттемелердің бірінші санаты;

міндеттемелердің екінші санаты;
міндеттемелердің үшінші санаты.

Ең төмен резервтік талаптардың көлемін есептеуде "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының баланстық шоттарда есепке алынатын, негізгі борыш пен сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті (ол бар болса) қоса алғанда, негізгі борыш пен сыйақы бойынша ұйымның міндеттемелері қабылданады.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің бірінші санаты Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің екінші санаты Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады және ұйымның кері репо операциялары мен ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша ұйымның талаптары ескерілген репо операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасын (бұдан әрі – ұйымның репо операциялары бойынша есептеу сомасы) Қағидалардың 7-2-тармағына сәйкес айқындалатын репо операциялары бойынша түзету коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

Ұйымның репо операциялары бойынша есептеу сомасы айқындау кезеңінде орташа алынған (айқындау кезеңінің басталу және аяқталу күндері бойынша арифметикалық орташа мән) ұйымның репо операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы мен ұйымның кері репо операциялары және ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарының сомасы арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің үшінші санаты Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалады және Қағидалардың 7-3-тармағының бірінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген шарттар сақталған кезде ұйым шығарған облигациялар бойынша ұйымның міндеттемелерін қамтиды.

Ұйым "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" цифрлық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес ұйым міндеттемелерінің үшінші санатына енгізілген облигациялар туралы хабарламаны (бұдан әрі – Ұйымның хабарламасы) жібереді, ол осындай облигациялар шығарылымының осы тармақта көрсетілген шарттарға сәйкестігін растайды.

Ұйымның шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелері Ұйымның хабарламасы жіберілген күннен кейінгі айқындау кезеңінен бастап ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің үшінші санатына енгізіледі.

Ұйым осы тармақта көрсетілген шартты (шарттарды) орындамаған жағдайда Ұйымның хабарламасында жіберілген облигациялар бойынша міндеттемелер осындай орындамау анықталған айқындау кезеңінен бастап ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің бірінші санатына енгізіледі.

19. Ұйым үшін айқындау кезеңі қалыптастыру кезеңінің алдындағы кезеңдердің кестесі бойынша қатарынан екі айды қамтиды. Айқындау кезеңінің басталу күні – алдыңғы бірінші айдың соңғы жұмыс күні, аяқталу күні – алдыңғы екінші айдың соңғы жұмыс күні.

Ұлттық пошта операторы үшін ең төмен резервтік талаптарды есептеу кезеңдер кестесіне сәйкес 2026 жылғы 31 шілдеден бастап ұйымның айқындау кезеңінен басталады.

Ұлттық пошта операторын қоспағанда, ұйым үшін ең төмен резервтік талаптарды есептеу ұйымға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операцияларына рұқсат берілген күннен бастап кезеңдер кестесі бойынша ұйым үшін бірінші айқындау кезеңінен басталады.

Ең төмен резервтік талаптардың нормативтері ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің әрбір санаты бойынша жеке белгіленеді.

Егер айқындау кезеңі аяқталған күні Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда , Ұлттық пошта операторы үшін өзге ұйымдарға белгіленетін ең төмен резервтік талаптардың нормативтерінен ерекшеленетін ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеуге рұқсат етіледі.

Ұйымның ең төмен резервтік талаптары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұйым ұсынатын, "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 102 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37699 болып тіркелген) бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларына 7-1-қосымшаға сәйкес Баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есебінің негізінде ең төмен резервтік талаптардың тиісті нормативіне көбейтілген, ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің әрбір санаты бойынша ең төмен резервтік талаптардың орташа алынған (айқындау кезеңінің басталу және аяқталу күндері бойынша арифметикалық орташа мән) көрсеткіштерінің сомасы ретінде есептеледі.

5-тарау. Ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

20. Ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындауы Қағидалардың 19-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген айқындау кезеңінен кейінгі қалыптастыру кезеңінде жүзеге асырылады.

Ұлттық пошта операторынан басқа ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындауы мұндай операцияларға берілген рұқсат жабылған күннен бастап тоқтатылады.

Ұйым үшін қалыптастыру кезеңі күнтізбелік жиырма сегіз күнді құрайды және кезеңдер кестесі бойынша банк үшін қалыптастыру кезеңімен сәйкес келеді. Ұлттық пошта операторы үшін қалыптастырудың бірінші кезеңі 2026 жылғы 1 қыркүйектен басталады.

21. Ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін ұйым қалыптастыру кезеңінде қаражатты ұлттық валютада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотта және қолма-қол ақша түрінде ұйым кассасында резервтейді.

Ұйымның резервтік активтері Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес Қағидалардың 19-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген есептер негізінде айқындалады және қалыптастыру кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ұйымның корреспонденттік шотындағы ұлттық валютамен орташа мәнінің қалдықтары;

2) қолма-қол ақша лимитінен аспайтын көлемде ұйымның кассасындағы ұлттық валютамен қолма-қол ақшаның орташа мәнінің сомасы ретінде есептеледі.

Қолма қол ақша лимиті тиісті айқындау кезеңіндегі ұйымның ең төмен резервтік талаптарының үлесі ретінде айқындалады және:

1) Ұлттық пошта операторы үшін, егер ең төмен резервтік талаптарды айқындау кезеңі аяқталған күні Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда:

2027 жылғы 18 қаңтарға дейін (қоса алғанда) резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде – 50 (елу) пайыз;

2027 жылғы 19 қаңтардан бастап (қоса алғанда) резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде – 25 (жиырма бес) пайыз;

2) Ұлттық пошта операторы үшін өзге жағдайларда – 25 (жиырма бес) пайыз;

3) Ұлттық пошта операторын қоспағанда, ұйым үшін 25 (жиырма бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Егер қалыптастыру кезеңіндегі резервтік активтер осы кезең үшін есептелген ең төмен резервтік талаптардың мөлшерінен кем болмайтын болса, ұйым ең төмен резервтік талаптарды орындаған болып есептеледі.

Ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындау мәртебесі ұйым Қағидалардың 19-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген қалыптастыру кезеңінің соңғы жұмыс күні үшін есепті ұсынғаннан кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" цифрлық жүйесінде қалыптастырылады.

22. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қағидалардың 19-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген ұйым ұсынған есептердің негізінде қалыптастыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі он бірінші жұмыс күні Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындауы туралы ақпаратты қалыптастыру арқылы ұйымның ең төмен резервтік талаптарды орындауын бақылайды.";

1-қосымша осы Ең төмен резервтік талаптар және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 3-2-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда 5-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда 6-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда 7-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда 8-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда 9-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда 10-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 102 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37699 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қағидалардың қолданысы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамына, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамына, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және клирингтік ұйымға қолданылмайды.";

15-тармақта:

5) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балանстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп:

есепті аптадан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей аптаның әрбір жұмыс күні үшін апта сайын ұсынылатын 1010, 1020 және 1040-баланстық шоттардағы

қалдықтарды қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айындағы қосымша есеп (қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей;";

16-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы бірінші бөлігінің төртінші абзацында көрсетілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банкке Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есепті:

есепті аптадан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей аптаның әрбір жұмыс күні үшін апта сайын ұсынылатын 1010, 1020 және 1040-баланстық шоттардағы қалдықтарды қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айындағы қосымша есеп (қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.";

7-қосымша алып тасталсын;

Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес 7-1-қосымшамен толықтырылсын;

9-қосымша Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
1-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
1-қосымша

## Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің бірінші санаты

| **Баланстық шоттың нөмірі** | **Баланстық шоттың аты** |
|---|---|
| 2014 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары |
| 2064 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді қарыздар |

| | |
|---|---|
| 2066 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар |
| 2067 | Алынған қаржы лизингі |
| 2068 | Қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2144 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары |
| 2147 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2201 | Мемлекеттік бюджеттің ақшасы |
| 2202 | Кастодиандық шарттардың талаптарына сәйкес клиенттердің ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық |
| 2203 | Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2204 | Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2205 | Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары |
| 2206 | Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2207 | Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2208 | Жеке тұлғалардың шартты салымдары |
| 2210 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері |
| 2211 | Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары |
| 2212 | Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы металл шоттары |
| 2213 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы |
| 2214 | Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын) |
| 2215 | Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2216 | Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы мерзімді салымдары |
| 2217 | Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2218 | Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан асатын) |
| 2219 | Заңды тұлғалардың шартты салымдары |
| 2220 | Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын) |
| 2222 | Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары |
| 2223 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы |
| | |

| | |
|---|---|
| 2224 | Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2225 | Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2226 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2227 | Жалдау бойынша міндеттемелер |
| 2228 | Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар |
| 2229 | Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан асатын) |
| 2230 | Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2231 | Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2232 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2237 | Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шоты |
| 2241 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы |
| 2242 | Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде көрсетілетін қаржы қызметтерін реттеу бойынша "Астана" халықаралық қаржы орталығы комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар |
| 2243 | Клиенттердің жинақ салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2245 | Инвестициялық депозиттер |
| 2301 | Айналысқа шығарылған облигациялар |
| 2303 | Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар |
| 2306 | Сатып алынған бағалы қағаздар |
| 2401 | Өтеу мерзімі бес жылдан аз реттелген борыш |
| 2402 | Өтеу мерзімі бес жылдан астам реттелген борыш |
| 2405 | Сатып алынған реттелген облигациялар |
| 2406 | Реттелген облигациялар |
| 2552 | Клиенттермен есеп айырысу |
| 2706 | Қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген шығыс |
| 2717 | Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыс |
| 2718 | Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыс |
| | |

| | |
|---|---|
| 2719 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2720 | Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2721 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2722 | Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2723 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыс |
| 2724 | Клиенттердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2727 | Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыс |
| 2728 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс |
| 2729 | Инвестициялық депозиттер бойынша кірістің бір бөлігін төлеу жөніндегі міндеттемелер |
| 2730 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыс |
| 2731 | Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыс |
| 2740 | Реттелген борыш бойынша есептелген шығыс |
| 2741 | Алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2742 | Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2743 | Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2744 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2745 | Жалдау міндеттемелері бойынша есептелген пайыздық шығыс |
| 2746 | Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2747 | Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2748 | Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2749 | Басқа да мерзімі өткен сыйақы |
| 2755 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыс |
| 2756 | Реттелген облигациялар бойынша есептелген шығыс |
| 2855 | Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша кредиторлар |
| 2865 | Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер |

| | |
|---|---|
| 2866 | Клиенттің мәмілелері бойынша міндеттемелер |
| 2891 | Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2892 | Форвард операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2893 | Опцион операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2894 | Спот операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2895 | Своп операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2899 | Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер |

Ескертпе:

1) 2202, 2203, 2210, 2222, 2225, 2227, 2237, 2245, 2722, 2727, 2729, 2731, 2741, 2742, 2743, 2745, 2746, 2747, 2749, 2755, 2855, 2865, 2866, 2891, 2892, 2893, 2894, 2895 және 2899-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қазақстан Республикасының басқа резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, шетелдік орталық банк, халықаралық қаржы ұйымы алдындағы міндеттемелер алып тасталады;

2) 2212, 2216 және 2717-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелер шетел валютасындағы міндеттемелерге жатады;

3) 2301, 2306, 2405 және 2406-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қағидалардың 7-3-тармағына сәйкес ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына жатқызылған міндеттемелер және Қағидалардың 9-тармағының үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес мемлекеттік қолдау қаражаты сомасының міндеттемелері (сыйақыны есептемегенде негізгі борыш) алып тасталады.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
2-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
3-қосымша

## Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санаты

| **Баланстық шоттың нөмірі** | **Баланстық шоттың аты** |
|---|---|
| 2301 | Айналысқа шығарылған облигациялар |
| 2306 | Сатып алынған бағалы қағаздар |
| | |

| | |
|---|---|
| 2405 | Сатып алынған реттелген облигациялар |
| 2406 | Реттелген облигациялар |

Ескертпе: ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына жатқызу Қағидалардың 7-3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
3-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
3-2-қосымша

## Банктің резервтік активтері

| **Баланстық шоттың нөмірі** | **Баланстық шоттың аты** |
|---|---|
| Корреспонденттік шот | |
| 1051 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот |
| Қолма-қол ақша | |
| 1001 | Кассадағы қолма-қол ақша |
| 1002 | Жолдағы банкноттар және монеталар |
| 1004 | Кешкі кассадағы қолма-қол ақша |
| 1005 | Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша |

Ескертпе: банктің резервтік активтеріне Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы талаптар ғана жатады.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
4-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
5-қосымша

## Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің бірінші санаты

| Баланстық шоттың нөмірі | Баланстық шоттың аты |
|---|---|
| 3380 01 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 21 | Клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша есептелген шығыс |
| 3380 22 | Талап етілгенге дейінгі тартылған салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 23 | Тартылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 24 | Тартылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 25 | Алынған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 26 | Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 27 | Сыйақы түрінде басқа да есептелген шығыс |
| 3380 35 | Тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 36 | Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыс |
| 3390 01 | Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 3390 02 | Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 3390 03 | Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 3390 04 | Спот мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 3390 05 | Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 3390 06 | Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер |
| 3390 22 | Ағымдағы шоттар |
| 3390 23 | Талап етілгенге дейінгі қысқа мерзімді салымдар |
| 3390 24 | Қысқа мерзімді салымдар |
| 3390 25 | Қысқа мерзімді шартты салымдар |
| 3390 26 | Қысқа мерзімді жинақ салымдары |
| 3390 27 | Сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға қабылданған қаржы активтері |
| 3390 28 | Банктік қызметке байланысты басқа да міндеттемелер |
| 3390 81 | Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері |
| 3550 01 | Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер |
| 4020 | Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар |
| 4030 05 | Басқа заңды тұлғалардан алынған қаржылық жалдау |

| | |
|---|---|
| 4030 07 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар |
| 4030 10 | Сатып алынған бағалы қағаздар |
| 4030 21 | Ұзақ мерзімді салымдар |
| 4150 | Жалдау жөніндегі міндеттемелер |
| 4160 01 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 21 | Тартылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 22 | Тартылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 23 | Алынған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 24 | Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 25 | Басқа да сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4160 26 | Тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 4170 01 | Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 4170 02 | Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 4170 03 | Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 4170 04 | Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер |
| 4170 05 | Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер |

Ескертпе:

1) аталған баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қазақстан Республикасының резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, шетелдік орталық банк, халықаралық қаржы ұйымы алдындағы міндеттемелер алып тасталады;

2) 4030 07 және 4030 10-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қағидалардың 18-тармағының алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктеріне сәйкес ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің үшінші санатына жатқызылған міндеттемелер алып тасталады.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
5-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
6-қосымша

**Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің екінші санаты**

| Баланстық шоттың нөмірі | Баланстық шоттың аты |
|---|---|
| 1. Репо операциялары бойынша міндеттемелер | |
| 3050 03 | Бағалы қағаздармен репо операциялары |
| 3050 07 | Кері репо операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме |
| 3380 02 | Бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс |
| 3380 03 | Кері репо операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме |
| 2. Кері репо операциялары бойынша талаптар | |
| 1150 01 | Бағалы қағаздармен кері репо операциялары |
| 1270 02 | Бағалы қағаздармен кері репо операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер |
| 3. Ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптар | |
| 1120 01 | Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері |
| 1130 01 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері |
| 1140 01 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері |
| 1150 03 | Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап етілгенге дейінгі қысқа мерзімді салымдар |
| 1150 04 | Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар |
| 1280 02 | Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар |
| 1280 03 | Форвард мәмілесі бойынша талаптар |
| 1280 05 | Спот мәмілесі бойынша талаптар |
| 1280 06 | Своп мәмілесі бойынша талаптар |

Ескертпе:

1) репо операциялары бойынша міндеттемелерден Қазақстан Республикасының резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, шетелдік орталық банк, халықаралық қаржы ұйымы алдындағы міндеттемелер алып тасталады;

2) 1120 01, 1130 01 және 1150 01-баланстық шоттарда көрсетілген ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары ғана жатады;

3) 1280 02, 1280 03, 1280 05 және 1280 06-баланстық шоттарда көрсетілген ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарға Қазақстан Республикасының резидент банкіне, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, шетелдік орталық банкке, халықаралық қаржы ұйымына қойылатын талаптар ғана жатады;

4) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің екінші санатын есептеу Қағидалардың 18-тармағының төртінші және бесінші бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
6-қосымша
Ең төмен резервтік
талаптар туралы қағидаларға
7-қосымша

**Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің үшінші санаты**

| **Баланстық шоттың нөмірі** | **Баланстық шоттың аты** |
|---|---|
| 4030 07 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар |
| 4030 10 | Сатып алынған бағалы қағаздар |

Ескертпе: ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын ұйым міндеттемелерінің үшінші санатына Қағидалардың 18-тармағының алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктеріне сәйкес жатқызылады.

Ең төмен резервтік талаптар
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
